

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 158 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 наурыз N 378 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 102 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.04. N 102 қаулысымен (2005 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енеді)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жайық-Каспий алабында, Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесінде балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттерін бөлу жөніндегі жекелеген мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 158 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

Жайық-Каспий алабында, Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесінде балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және табиғат пайдаланушылар арасында балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу мәселелері бойынша конкурс (тендер) өткізу жөніндегі комиссия құрамына Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі Шоқпытов Аңдар Мәулешұлы төраға болып енгізілсін:

м ы н а ж о л :

"Дәукеев Серікбек Жүсіпбекұлы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі, төраға" мынадай редакцияда жазылсын:

"Дәукеев Серікбек Жүсіпбекұлы - Атырау облысының әкімі";  
көрсетілген құрамнан Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов, Мият Саттарұлы  
Ж а н ә б і л о в ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*